

«Бекітемін»  
 «Таразэнергоорталық» АҚ-ның  
 оңалту басқарушысы  
 \_\_\_\_\_ Ж.Булекбаев  
 «\_\_\_» ақпан 2024 жыл

**«Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының  
 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері бойынша агенттігімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленген және құндылықты және моральдық бағдарлар жүйесін құру арқылы қызметкерлер арасында байқалатын кез-келген сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жағдайына жетуге бағытталған.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің мақсаты «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамымен жүзеге асырылатын қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесін орнату болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:

- 1) «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлықтың байқалуын уақытылы анықтауы және олардың кері әсерлерінің алдын алу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидалары:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) этика;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлықтың байқалуынан қорғау;
- 5) мүдделер қайшылығын болдырмау болып табылады.

**2. «Таразэнергоорталық» АҚ қызметкерлерінің мінез-құлық (әрекет ету) ережелері**

5. Өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне ұсынылады:

- 1) байқалатын кез-келген сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлыққа байланыстарды немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әрекеттерді болдырмау, сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтарының кез-келген деректерін болдырмау;

2) сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтарының нақты ақпараты бойынша осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу және тоқтату бойынша

барлық қажетті шараларды қабылдау;

3) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты, адалдықты, қиянатқа бармаушылықты және айқындылықты сақтау қағидаларына негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

4) сыбайлас жемқорлықтың байқалғандығына негізделмеген жария кінә тағайындағанда осындай кінәні анықтау күнінен бастап бір ай мерзімінде оны жоққа шығару бойынша заңмен көзделген барлық шараларды қабылдау;

5) қызметтік өкілеттілікті орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

6) жариялауға болмайтын қызметтік немесе басқа ақпаратты мүлкітік және мүлкітік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбау.

6. Өз құзыретінің шеңберінде басқарушылық және басқа шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

1) өз әрекеттерімен және шешімдерімен әкімшілік, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын басқа кедергілерді болдырмау. Осындай деректер анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңмен көзделген барлық шараларды қабылдау;

2) «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының экономикалық шығынының алдын алу бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалану, өз мүдделерінде және басқа үшінші тұлғалардың мүдделерінде тексерулердің бастамашылық етілуін болдырмау;

3) өзінің лауазымдық өкілеттілігін және оған байланысты мүмкіндіктерді жеке мүлкітік немесе мүлкітік емес пайда алу үшін пайдаланбау;

4) мүдделер қайшылығын болдырмау бойынша шаралар қабылдау.

7. Мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының ішкі құжаттарына сәйкес оның алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдау.

8. Ішкі құжаттардың жобаларын даярлау кезінде:

1) қызметкерлермен сыбайлас жемқорлық және құқыққа қайшы әрекеттер сипатындағы құқыққа қайшы әрекеттер жасалуы үшін алғы шарттар құратын сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау және оларды тиісті ескерту шараларында көрсету үшін қабылданатын ішкі құжаттарды талдау және сараптау;

2) бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлық қауіптерін талдау. Оларда сыбайлас жемқорлық факторлары бар екендігі анықталған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылдау.

9. Өз міндеттерін іске асыру кезінде туындайтын басқа өзара қарым-қатынастар кезінде.

9.1. Басшыларға өзінің бағынышты қызметкерлеріне қатысты ұсынылады:

1) өз мінез-құлқымен риясыздық, әділдік, менменсіздік, адалдық және қиянатқа бармайтындық үлгісі болу;

2) олардың қызметтерінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қабылдау кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

3) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

4) құқыққа қайшы әрекеттерді, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-

этикалық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттерді жасауға мәжбүрлемеу;

5) бағынышты қызметкерлердің қызметтік өкілеттіліктерінің міндеттері мен көлемін нақты және айқын анықтау;

6) бағынышты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің әркелкі бөлінуіне жол бермеу;

7) бағыныштылардың қызметтерінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қабылдау кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

8) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен асатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

9) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

10) әріптестер арасында олардың өз міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қайшылығын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақытылы қабылдау.

9.2. Бағыныштыларға басшыларына қатысты ұсынылады:

1) тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және нақты мәліметтер беру, басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе басқа тұлғалардың әрекеттерінде оларға мәлім болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы басшылыққа шұғыл түрде хабарлау;

2) басшылыққа қатысты жеке адалдықты, өзінің лауазымдық мүмкіндіктерінің есебінен пайдалар мен артықшылықтар алуға ұмтылуды болдырмау;

3) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мүліктерді, оның ішінде автокөлік құралдарын қызметтік мақсаттарда ұтымды және тиімді пайдалану.

### **3. Басқа да шектеулер мен тыйым салулар**

10. Іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне ұсынылады:

1) меритократия ұстанымдарының сақталуын қамтамасыз ету, кадрлық мәселелерді шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;

2) тағайындауға арналған материалдарды қарастырудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

3) «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамына жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерін, тыйым салулары мен шектеулерін түсіндіру;

4) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

5) «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының қызметкерлерінің жеке деректері туралы деректердің негізделмей берілуіне жол бермеу;

6) жұмысқа орналасуға кандидаттардан еңбек шартын жасауға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

7) «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне қатысты қызметтік төкерістерді объективті және нақты мәліметтермен

11. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға қатысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) әлеуетті жеткізушілерге заңнамамен көзделген жағдайлардан басқа мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеу;

5) әлеуетті жеткізуші және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттері бар немесе борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген олардың тартатын қосалқы мердігер ретінде қатысуға жол бермеу.

#### **4. Қорытынды ережелер.**

12. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ережелері «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының барлық қызметкерлеріне қолданылады.

13. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелерімен реттелмеген жағдайлар заңнама талаптарына сәйкес шешілуге жатады.

**«Таразэнергоорталық» АҚ-ның  
комплаенс қызметінің офицері**



**К.Калимбетов**